



GTAMP 04.51.67

<https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-519-538>

Ғылыми мақала

Әйелдердің шешім қабылдау практикасы: «мәжбүрлі баласыздықтан» – «ерікті баласыздыққа»

Ф.М. Аширбаева¹, Б.Ж. Смағамбет*²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹farida.ashirbaeva@mail.ru, ²smagambetb@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада өзін «ерікті түрде баласызбын» деп санайтын әйелдердің шешім қабылдау жолы қазақстандық қоғам негізінде зерттелді.

Зерттеудің өзектілігі: «ана болу – әйелдің басты міндеті» деп табылатын қазақстандық қоғамда өзін «ерікті баласыз» деп жариялаудың әлеуметтік қысымы мен күші, қабылданған шешімнің әйелдердің күнделікті өміріне ықпалы сонымен қатар әйелдерге тағылатын қоғамдық стигма мәселесі теориялық, практикалық дәлелдер негізінде қарастырылды.

Мақалада қолданылған зерттеу әдісі – Қазақстандағы 20-55 жастан асқан өзін ерікті түрде баласыз деп санайтын 15 әйелмен мақсатты квоталық іріктеу және «қар ұшқыны» әдісі арқылы жүргізілген тереңдетілген сұқбат.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы – әйелдердің баласыз болуына ықпал ететін критерийлердің саралануы, аналық міндеттің шығындары мен «баладан азат, еркін» болудың артықшылық себептерін қарастыру.

Нәтижелерді талдау барысында, әйелдердің ерікті баласыз болу туралы шешімі – отбасылық пен денсаулық жағдайына, жасына, білім деңгейі мен кәсіби қызмет түріне байланысты күрделілігі көрсетілді. Қазақстандық қоғамда ерікті баласыздық («чайлдфри») құбылысын терең түсіну баласыздыққа бағытталған өмірлік сценарийлерді өзгерту мүмкіндігін болжауға негіз береді, ал жеке тұлға ретінде даму процесінде баласыз болу – дәстүрлі отбасын құру, әлем бейнесін қайта қарастыру параметрімен ауыстырылады.

Түйін сөздер: мәжбүрлі баласыздық, ерікті баласыздық («чайлдфри»), белсенді түрде шешім қабылдаушылар, пассивті түрде шешім қабылдаушылар, ана болу – міндетті, кеш ана болу.

Кіріспе

Қоғам динамикалық құрылым болғандықтан, оның әртүрлі элементтері уақыт өте өзгереді, барлық деңгейде жаңа тенденциялар пайда болады. Сондай тенденциялардың бірі – жастар арасындағы ерікті баласыз болуды таңдау немесе «чайлдфри» әлеуметтік құбылысы. 2021 жылы Қазақстанда ресми мәліметтерге сәйкес, медициналық себептерге байланысты балалы бола алмаған 21,4 мыңға жуық қазақстандық жұп тіркелген. Мұндай адамдар тобын әдетте, «чайлдфри» (ағылшын тілінен «childless» – баласыз) деп атайды [1]. Зерттеуімізде эмпириялық және теориялық дәлелдерге сүйене отырып, «ана болу» міндетті саналатын қазақстандық қоғамда ерікті баласыз болуды «таңдау» күнделікті өмірде қаншалықты әлеуметтік стигмаға ұшырайтыны, ерікті баласыз болу құбылысының себептері туралы зерттеу нәтижелерімен бөлістік. Аталған құбылысқа қоғамдық назардың артуы – ерікті баласыздықтың мәнін, отбасы және неке қатынасы бойынша туындаған мәселелерді әлеуметтанулық тұрғыдан қарастыра отырып, дәлірек айтсақ, «кешіктірілген ана болу», ата-ана атану, отбасы-неке қатынасының жаңа формалары, баласыздық құбылысын зерттеуді талап етеді.

Батыс әлеуметтануы «чайлдфри» яғни, әйелдердің ерікті түрде баласыз өмірді таңдауының мәнін: репродуктивті көзқарастар арасындағы статистикалық қатынастар және табиғатқа, қоршаған ортаға күтім (баласыз экологиялық өмір сүру) жасауды талдай отырып, нақты шешіммен байланысты процестерді зерттейді, себебі постмодернизм қоғамның құрылымына және дәстүрлі әлеуметтік құндылықтарды өзгертті, сонымен қатар мегаполистердегі жастар арасында ерікті баласыз болуды таңдайтын әйелдер көбейді.

Ерікті баласыз болу қозғалысы ХХ ғасырдың 70-жылдарынан басталады, алайда, адамзат тарихында ұрпағынан өз еркімен бас тартқан адамдар бұрын да өмір сүрген. «Childfree» – «баладан азат, еркін», сонымен қатар белсенді түрде жыныстық қатынаста өмір сүре отырып (некеде де болуы мүмкін), бірақ мақсатты түрде баланың туылуын болдырмау үшін шаралар қолданады (Veevers, 1980) [2].

«Ерікті баласыздықты» феномен ретінде зерттеумен, С.Бастен, М.Келли, К.Парк, М.Л.Тантурри, Дж.Э.Виверс сияқты шетелдік авторлар айналысқан. Шетелдік әлеуметтанушылар «ерікті баласыз болуды» сол балалық шақтан (мәжбүрлі баласыз адамдардан) айырмашылығы, өз ұрпағының көбеюін тоқтатуды саналы түрде шешетін адамдардың жеке санатына енгізу қажеттілігіне назар аударады.

Таңдау еркіндігі – «ерікті баласыз болуды таңдау философиясының» негізгі құрамдас бөлігі. Отбасы-неке қатынастары динамикасының қазіргі жағдайы басқа да тенденциялармен анықталады. Тенденциялар дараландыруды және «феминдік» қозғалыс идеологиясын қамтиды, соның нәтижесінде моралдың жаңа түрі пайда болды (Legoux, 2022) [3, б. 1–35]. «Ана болу» – мүмкіндіктер жағдайында әйелдің «басты міндеті» болудан қалады, өмірлік қызметтің басқа аспектілері бірінші орынға шығады, мысалы, өзін-өзі қамтамасыз етуге ұмтылу, сондай-ақ адамның өзін үздіксіз дамытуын, мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Зерттеу тақырыбының тағы да бір өзектілігі – қазақстандық қоғамда ерікті баласыздыққа қатысты идеялардың пайда болуы, таралуы болашақта күрделі

әлемдік мәселелерге соның ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси, экологиялық сияқты әлеуметтік мәселелерге реакциясын зерттеу өзекті.

Қазақстандық әлеуметтануда гендерлік тұрғыдан нарықтағы жұмысбасты әйелдерді зерттеді. Соның ішінде («жұмыс пен ана») рөліне баса назар аударылғандықтан, баласыз әйелдер мен олардың баласыз болуды еркін таңдауы мәселесі назардан тыс қалды. Сол себепті қазақстандық қоғамда өзін «ерікті баласыз» деп санаған қазақ әйелдерінің мотивтерін әлеуметтанулық тұрғыдан талдау осы зерттеуге түрткі болды. Материалдық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени факторлар әйелдердің баланы дүниеге әкелу мен оны тәрбиелеуге қатысты шешім қабылдау жолдарын айқындайды дегенмен макродеңгейлік процестер дәлірек айтсақ, әйелдер құқығы қозғалысы жүйесінің жетістіктері, және жұмыс күшіне қатысуды кеңейту әйелдер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты, олардың «қашан» ана болуды таңдауына ықпал еткені сөзсіз (Blackstone, 2014) [4, б. 68-70]. Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, әйелдердің ерікті баласыз деп санауы – асыраушы ретінде ерлердің және қамқоршы ретінде әйелдердің нормативтік моделіне өзгеріс әкелді, өйткені әйелдердің көпшілігі ақылы еңбек нарығына шығып, бала тууды кейінге қалдырған (Avellar & Smock, 2003; Jacobs & Gerson, 2004) [5, б. 597-607]. Нарықта жұмысбасты әйелдердің көбеюі – жаһандық тенденция. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елдегі жұмыс істейтін әйелдердің саны бойынша Қазақстан әлемде Қытайдан кейінгі екінші орында тұр. Қазақстанда әйелдердің экономикалық белсенділігі – 66,6% құраса, ал, ер адамдар – 77,2% көрсеткішті көрсетіп отыр [6]. Батыс зерттеушілері әйелдердің отбасы мен нарықтағы рөлі туралы түсініктердің өзгеруі – әйелдердің басым бөлігі болашақта, баласыз болуды қалауы немесе бала туу уақытын кейінге қалдыруы мүмкін, басқаша айтсақ, «кешіктірілген ана» «чайлдфриге» айналады деп есептейді. Егер Дж.Виверс тұрғысынан ерікті баласыздықты талдасақ, әйелдердегі «кеш ана болу» – әсіресе, «тұрақты түрде кейінге қалдырушылардың» және «толқынды бас тартушылардың» типтері симбиозының бір түрі. «Чайлдфри» немесе ерікті баласыз болу құбылысын түсінуге түбегейлі көзқарасты ескеретін болсақ, «Чайлдфри» терминінің мәні қазіргі уақытта яғни, «саналы түрде балалы болғысы келмейтін, әйел де, ер адам да бола алады» деп түсіндіріледі (Braelin, 2014) [7, б. 1-22].

Ерікті баласыздық баланың туылуын белгісіз мерзімге яғни «кейінге» қалдырмайды, олар өз ұстанымдарына өте берік. Өзін «чайлдфримін», «баладан азатпын» деп санайтын адамға бала қажет емес, дегенмен, өз тегін жалғастырудан бас тарту туралы шешімнің көптеген аспектілері бар және өте құбылмалы болуы мүмкін.

Бұл қауымдастықтың өкілдері өздеріне таңдау еркіндігін, атап айтқанда, әйелдер өкілдеріне қалдыруды жөн көреді. «Кешіктірілген ананың» өкілдері көбінесе «кейінірек» уақыты келмейтін «қолайлы сәтті» күтуді таңдайды. Олардың бастапқы импульсі ана болудан толық бас тарту болмаса да, нәтижесінде жеке тұлғаның баласыз, мәжбүрлі немесе ерікті ретінде қалыптасуы мүмкін. Бірақ мақалада келтірілген деректер денсаулығына байланысты балалы бола алмайтын әйелдер мен ана болуды қаламайтындар арасында ешқандай айырмашылық жасамайды. Соған қарамастан, зерттеуге қатысқан респонденттер арасында инфертилді деген диагнозы бар әйелдердің

болуы – өзін ерікті баласыз («чайлдфри») ретінде жариялауға алып келуі мүмкін (Stewart, 2012) [8, б. 718-727].

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Қазақстандық қоғам отбасында баланың болмауына теріс көзқараста. Егер қоғам көзімен ерікті баласыздық құбылысына сыни талдау жасасақ, соңғы бес жылдықта Қазақстанда мұндай демографиялық жағдай жастар арасында қалыптасқандығымен келісу керек. Ал, Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым міндеттерінің бірі отбасы-неке институтын нығайту, бала туу деңгейін көтеру, өлімді азайту саналады.

Жоғарыда айтылған мәселеге дәлел ретінде, өзін ерікті баласыз, бала тууды кейінге қалдыру, «кеш ана болу» мәселелері ірі мегаполистерде, атап айтсақ, Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе қалаларында 20-36 жастағы жастар арасында кездеседі. 18-35 жас аралығында тұрмыс құрмаған қазақстандық 700 мың қызға, 300 мың бойдақ ер адамдар бар екенін статистикалық мәліметтер көрсетуде [9].

Батыс әлеуметтануында чайлдфри мәселесін зерттеп жүрген ғалым Дж.Веверс баласыз адамдарды топтарға бөлді, олардың алғашқыларына:

1) «қабылдаушы» бұл санатқа жататындар жалпы бала, баланы туу процесін жек көреді; 2) «*afficionado*» (баласыз өмір салтын алаңсыз сүйетіндер – саяхат, еркін өмір, ойын-сауық және т.б. яғни еркін өмірді таңдайды); 3) «тұрақты түрде ұзақ мерзімді сақтанушылар» жастық шағынан немесе некеге тұрған кезден бастап, жүктіліктің алдын алу үшін контрацепцияны мақсатты түрде пайдаланды. Өмірінің бастапқы шағында балалы болу туралы ойлардан бас тартпайды. Дегенмен уақыт өте бұл топтағылардың бала тууды уақытша «балалы болуды кейінге» қалдыру деген ойлары «ешқашан» балалы болғым келмейді деген оймен алмасады; 4) «толқынды» бұл топқа жататындардың балалы болғысы келетін кезеңдері болады, дегенмен, олар үшін жеке «еркін өмірі» маңыздырақ, нәтижесінде олар өз жеке шешімдерімен балалы болмайды. Ерікті баласыз құбылысындағы ең маңызды функция – репродуктивті функцияны орындаудан өз еркімен бас тартатын және бала туу олар үшін нағыз қасірет болатынына фертилді жастағы адамдардың саны үнемі өсіп отырған экономикалық өркендеген елдерде анықталды яғни оларға мүлдем бала қажет емес. Олар негізінен жоғары білімі бар, кәсіптік жағынан табысты, индивидуализм мен эгоцентристік көзқарастарын алға тарта отырып, тек өз қызықтары үшін өмір сүруді қалайтындар екендігін зерттеулер көрсетті. Әрине, қазақстандық қоғам үшін заманауи отбасында балалы болудан ерікті бас тарту көзқарасын салыстырмалы түрде жаңа феномен деуге болады, десе де оның өкілдері әртүрлі себептермен ата-ана болудан «әдейі» бас тартады. «Ана болу» – әлеуметтік-саяси және мәдени контекстегі өзара ықпалдастық пен қатынастар арқылы құрылады (Arendell, 2000) [10, б. 1192–1207].

Дәстүрлі қоғамда әйелден балалы болуды күту – «күшті» әлеуметтік қысым болып саналады. «Ана болу» жалғыз қалыпты жол сияқты көріне отырып, әйелдерге баласыз, «баладан азат» болуды қиындатады, яғни дәстүрлі қоғамда «ана болу – міндетті» (McQuillan, 2008) [11, б. 477-496].

Ерікті баласыздық – уақыт өте келе ана болудың қалай жүзеге асатынын көрсететін гендерлік сенім жүйесін бейнелейтін динамикалық процесс деуге болады.

«Ана болу – міндетті» идеологиясына қатысты нақты идеалды типтер көпқырлы емес. Десе де, гендерлік, ұлттық, таптық бағыт-бағдарына байланысты ерекшеленеді. Қоғамның үміті орта таптағы және төменгі таптағы әйелдер мен жоғары білімді әйелдерді ана болудың идеалды моделін жүзеге асыруға итермелейді. Керісінше, саясат пен тәжірибе әйелдерді, сондай-ақ кедей және жұмысшы топтағы әйелдерді «отбасылық табынудан» алшақтатып, отбасылық өмірді сақтау мүмкіндігінен айырды (Nakano, 1994) [12].

Жоғарыда атап өткеніміздей, «ана болу – міндетті» идеалды тип түсінігі барлық әйел үшін «тең» болмағанымен, қоғам тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қысым барлық әйелдер «ана» болғысы келеді деп, болжайтынын зерттеу нәтижелеріміз көрсетіп отыр.

Ана болудың «мінсіз» үлгісіне сәйкес келмейтін әйелдер қоғам тарапынан стигмаға және «қатты» сынға ұшырайды.

Осылайша, әйелдердің «ана» болудан өз еркімен бас тартуы – неке-отбасы туралы дәстүрлі түсініктерді айтарлықтай өзгерте отырып, олардан талап ететін «әйелдік рөлін» орындамау ауыртпалығымен байланысты. Кейбір әйелдер ерікті баласыздықты таңдауды отбасылық бақытқа апаратын кедергілермен түсіндіреді (Callan, 1986) [13, б. 181], себебі жоғары білім, мансап немесе тұлғаның еркін баласыз өмір салтына байланысты артықшылықтары бар (Rosemary, 2003) [14, б. 43–53]. Әйелдер жеке дамуды, репродуктивті таңдауына сәйкес әрекет етуді, «ана» болуға деген құлшыныстың болмауымен түсіндіреді. Нарықтық қымбат экономика да, баласыз болуды таңдауға ықпал етуі мүмкін, өйткені әйелдер ата-аналық шығындарды әлеуметтік белгіленген жеңілдіктермен салыстырады (Morell, 2000) [15, б. 313–322]. Оған дәлел: «Қазіргі уақытта балалы болу – өте қымбат. Оның оқуы, киімі, тамағы, денсаулығы яғни медициналық тексеріс барлығы өте қымбат. Сонымен қатар бала ол үлкен – жауапкершілік. Мен ондай жауапкершілікті алғым келмейді». [40 жастағы респондент].

Батыстық зерттеулердің көпшілігі тұрмыс құрған, ешқандай діни идеологияны ұстанбайтын, жоғары білімі бар орта тапты құрайтын дәстүрлі емес гендерлік нанымдарды ұстанатын баласы жоқ әйел адамдарға бағытталған (Abma, 2016) [16, б. 1045–1056].

Егер, біз батыстық үлгіге сүйене отырып, ана болуды немесе ерікті баласыздықты шешуді тек орта тапқа жататын әйелдердің тәжірибесіне негіздеп зерттесек, онда әйелдер тәжірибесіндегі маңызды айырмашылықты байқамаймыз. Біздің зерттеуіміздің шетелдік зерттеулерден ерекшелігі:

1) отандық әлеуметтануда баласыз әйелдер, ерікті баласыздыққа қатысты зерттеулер саны шектеулі және дәстүрлілік үстем қазақстандық қоғамдағы «ерікті баласыздық», «чайлдфри» ерекшелігін сипаттайды;

2) зерттеу әйелдің баласыз болуды таңдауы – ұлттық, таптық, діни, жастық, білім және кәсіби ерекшеліктердің ықпалын терең зерттеу қажеттігін көрсетеді.

3) зерттеу нәтижелері әйелдердің баласыз болу шешіміне күрделі жолдармен келетінін көрсете отырып, әйелдердің шешім қабылдауына отбасындағы бедеулік

(инфертильдік) мәселесінің ықпалын, яғни мәжбүрлі баласыздықтан – ерікті баласыздыққа («чайлдфри») көшудің себептерін талдауға итермелейді;

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Әйелдердің ерікті баласыздықты таңдау жолы мен себептерін сапалық әдіс арқылы зерттеу негізге алынды. Қазақстандық жасы 20-55 арасындағы, өзін «ерікті баласыз» деп санайтын 15 әйел мақсатты квоталық іріктеу арқылы және «қар ұшқыны» әдісімен таңдалып, олармен жартылай құрылымдалған терең сұқбат жүргізілді.

Зерттеу әйелдердің ерікті баласыздықты таңдау шешімін қабылдауын және олардың баласы жоқ әйелдер ретіндегі күнделікті өмір тәжірибесін зерттеуге арналған. Сұқбатқа қатысқан респонденттер Алматы, Астана, Ақтөбе, Шымкент, Павлодар, Қарағанды, Талдықорған, Семей қалаларының тұрғындары.

Сұқбат әйелдер арасындағы ерікті баласыздық себептеріне; әйелдердің шешім қабылдауына ықпал еткен жағдаяттарға; стигмаға ұшырауға соның ішінде әлеуметтік қысымға байланысты стратегиялық ұстаным және әйелдердің күнделікті өмірлік тәжірибесіне байланысты сұрақтардан тұрды. Сұқбат 45 минуттан 1,5 сағат аралығында анонимді түрде өтті. Деректерді талдау үшін жазылған әңгімелер транскрипцияланды. 10 әйел репродуктивті жаста (20-39 жас), ал 5 әйел бұл жастың соңына таяған немесе ересек (40+) болды. Әйелдердің орташа жасы – 36. Сұқбатқа қатысқандардың ұлты – қазақ, тоғыз әйел – тұрмыс құрмаған, үшеуі – ажырасқан, үшеуі – серіктесімен азаматтық некеде. Барлық әйелдер жоғары білімді, толық уақытты жұмыспен қамтылған. Мамандықтары – заңгер, мұғалім, IT мамандар және менеджерлер. Зерттеу критерийлері әйелдің бала тууды немесе өсіруді қаламағаны, балалы болғысы келмеуі туралы мәлімдемелеріне негізделген. Сұқбат барысында әйелдерден фертильдік мәртебесі анықталды, осылайша кейбірінің ерікті баласыз болуды таңдағанына қарамастан, денсаулығына байланысты мәжбүрлі баласыздықтан – ерікті баласыздыққа ауысқаны айқындалды.

Нәтижелері және талқылама

Баласыз әйелдердің шешім қабылдау практикасы

Жүргізілген зерттеу ерікті баласыз болу шешімі бірнеше факторлардың нәтижесі екенін көрсетті. Әйелдер белсенді және пассивті жолдар арқылы баласыз болуды таңдады.

Белсенді түрде шешім қабылдаушы әйелдер балалы болғысы келмейтініне сенімдері берік. Бұл топқа жататын әйелдер көпшілігі жастық шағынан бастап, «ана боламын» деп шешім қабылдаған дегенмен, уақыт өте келе өз шешімдерін өзгерткен.

Кейбір пассивті түрде шешім қабылдағандар балалы болғысы келген, бірақ некеде болмағандықтан, яғни жалғызбасты ана болуды қаламағандар, сол себепті ана болудан бас тартқандар (Mezey, 2008) [17, б. 1350 – 1352].

Зерттеу нәтижелеріміз көрсетіп отырғандай, сұқбатқа қатысқан әйелдердің жасы, отбасының болуы, ер адаммен қарым-қатынас жағдайы, кәсіби қызмет түрі, білімі тікелей шешімдеріне белгілі бір ықпал еткенін көрсетеді.

Белсенді түрде шешім қабылдаушылар: «Мен ешқашан балалы болғанды қаламадым», – деген сөзді жиі қолданды. Сұқбатқа қатысқандардың тоғызы – белсенді түрде шешім қабылдағандар, қалған алтауы – пассивті. Белсенді шешім қабылдаған әйелдердің барлығы 20 мен 39 жас аралығын қамтиды. Белсенді әйелдердің барлығы жалғыз болды, бұл олардың баласыз күйін белсенді сақтауға мәжбүр еткен шектеулерді көрсетеді. Өзіне сенімді әйелдер баласыз болуды таңдауды талқылағанда, олар «ешқашан» ана болғысы келмейтінін жас кезінен білген: белсенді шешім қабылдаған 38 жастағы респондент: «Анама тұрмысқа шықпайтынымды және балалы болмайтынымды айтқан кезде 27 жаста едім. Ол кезде Қазақстанда «чайлдфри» деген түсінікәлі болмаған. Одан бері талай жыл өтті, ойым өзгерген жоқ. 25 жастан асқан кезде, Алматыда оқып жүргенде өзімнен басқа, бала туып, тәрбиелегісі келмейтін адамдар бар екенін білдім. Бірақ балаларды жақсы көремін». Кейбір әйелдердің ана болмау шешіміне ықпал еткен балалық шақтағы тәжірибелері бар. 55 жастағы респонденттің денсаулығы нашар інісі болған. Респондентіміз бала кезден бастап, ерекше қажеттіліктері бар баланы ұзақ жылдар тәрбиелеген ата-анасының тәжірибесімен бөлісті: «Ата-анам жылдар бойы церебралды паралич ауруымен туылған інімді бақты, әрине оған арнайы күтім, қомақты қаражат қажет. Өсе келе, тұрмыс құрсам, менен де осындай тұқым қуалайтын генетикалық ауру болуы мүмкін деп ойладым. Сол аурудан қорқып балалы болғым келмеді». Яғни, балаға байланысты қиындықтар мен жауапкершілік әйелдердің «ешқашан» ана болмау туралы ұстанымға итермелегенін көруімізге болады. Осындай оқиғалар мен сезімдер әйелдердің ерте жастан бастап, ерікті баласыз болуына белсенді түрде шешім қабылдауына алып келген.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің арасында егер болашақта «жақсы ер адам» жолықса, өзінің отбасын құрып, «ана болатынына» сенімді болғандар да бар.

Тұрақты жұмыс мәселесі, жеке меншік пәтерінің болмауы, қаржылық дағдарыс, заңды некелік жұбының болмауы, бірінші некелерінің «сәтсіз» аяқталуы ерікті баласыз болуға белсенді түрде шешім қабылдауға мәжбүр еткен: «Жас кезімде, яғни студенттік шағымда баламның болғанын қалайтынмын. Бірақ өзім квартирадан квартираға көшіп, жұмыссыз жүріп, көп қиналғасын, бала керек емес, ешқашан балам болмасын деп шештім. Менің ойымша, ата-ана болу үшін үйің, жұмысың болу керек, 30 жасқа келіп жатырмын, жағдайым жоқ» [29 жастағы респондент].

Сол сияқты, тағы бір 34 жастағы респондент балалы боламын деп ойлаған, бірақ оның «ересек» өмірінің идеалды нұсқасы университеттен кейін өзгерген: «Барлық адамдар сияқты, бала кезде «ана» боламын, 26 жасымда отбасым болады деп ойлағанмын. ЖОО бітіргесін, отбасыма, бауырларыма көмек беруіме тура келді, жұмыс істеп жүріп, уақыт өтіп кетті «зымырап», солай жүріп отбасын құрмадым. Жақсы ер адам кездесіп, отбасылы болсам да, дәл қазір балам болып, «ана» атанғым келмейді».

Баласыз болу туралы белсенді шешім қабылдаған әйелдер ана болу үлкен жауапкершілікті қажет ететінін, эмоциялық және қаржылық міндеттемелердің баласыз өмірге белсенді түрде ұмтылуға итермелегенін айтты. Белсенді шешім қабылдаушы әйелдер ана болудан бас тартып қана қоймай, сонымен бірге тәуелсіз болуға ынталы болды. Белсенді шешім қабылдаған әйелдердің көпшілігі репродуктивті жаста болуы репродуктивті

жетістіктер мен әйелдердің еңбек нарығына белсенді қатысуының артуы сияқты әлеуметтік-саяси және мәдени өзгерістер әйелдерге ана болу емес, өз таңдауын білдіруге көбірек мүмкіндік бергенін көрсетеді.

Пассивті түрде шешім қабылдаушылар негізінен «Бұл жай ғана өз-өзімен болды», – деп түсіндіреді. Баласыз өмірін қабылдаған пассивті шешімді әйелдер «бұл жай ғана табиғи түрде болды» дейді. Пассивті шешім қабылдаған респонденттердің ерекшелігі ана болу үшін бала тууға «қолайлы» уақыт пен репродуктивті жастың өтіп кеткенін алға тартты.

Пассивті түрде шешім қабылдаушы әйелдер жастық шақта барлық әйелдер секілді «ана» болғысы келген. Өмірлік қиындықтарға байланысты яғни, заңды некелерінің болмауы, қаржылық шектеулердің болуы, соған орай мансаптық өсу мен жұмысбастылықты, жауапкершіліксіз «баласыз өмірді» таңдағандар. Жүргізілген зерттеу барысында 47 жастағы респондентіміз азаматтық некедегі ерінен ажырасқан, өзінің сіңілісінің балаларын бағып, өсіруге көмек берген. Жалғыз өзі балаларын бағып, қиналған бауырының қиындықтарын бөліскен респондентіміз өзіне «заңды некеде ғана балалы боламын» деген қағиданы ұстанғанын айтты.

Жоғарыда аталған мәселеден байқағанымыз, респондентіміз балаларды сіңілісімен бірге, ортақтасып тәрбиелеу негізінде «жалғызбасты ана» болмау керектігін түсінген: «Мен өзіме тек заңды некеде ғана балалы боламын деп «уәде» бердім, себебі сіңілімнің жалғыз өзі балаларын қаржылай да, моралдық тұрғыдан да қиналып, балаларын өсіріп жетілдіргенін көрдім. Өзім сіңілімнің балаларын өз балаларымдай көріп, қарастым. Осы қиындықтардың барлығын өз көзіммен көріп, осы көрген өмірлік жағдайларым баласыз еркін өмір сүруіме түрткі болды деп ойлаймын». [47 жастағы респондент].

Сұқбатқа қатысқан пассивті шешім қабылдаған әйелдердің жартысынан көбі заңды некенің болмауына байланысты ана атанып, балалы болудан бас тартқандар. Пассивті шешім қабылдаған әйелдер «менің өмірім осылай болды» деген түсінікті жиі қолданды, себебі некесіз балалы болғысы келмегендіктен, баласыз қалуды шешкен. Пассивті шешім қабылдаушы әйелдер ана болу олардың өмір тарихының бір бөлігі болатынына сенген, бірақ жеке шектеулер, соның ішінде заңды некесі болмағандықтан баласыз өмір сүруге мәжбүр.

Респонденттердің пассивті және белсенді шешім қабылдаушылардың екеуінің бір-бірінен айырмашылығы – ана болмауды белсенді түрде таңдаған әйелдер өздерінің баласыз өмірді таңдауының негізінде «аналықпен» байланысты шығындардың аздығын сонымен қатар осы әйелдердің ішінде фертилді жастағылары егер отбасын құруға лайықты ер адамды кездестіріп жатса, жеке өмірлерінің тез өзгеруі мүмкіндігін, ұстанымдарын қайта қарауы ықтимал екендігін анықтадық. «Сіздің бұл шешіміңіз өзгеруі мүмкін бе, балалы болудан ерікті түрде бас тарту шешіміңіз қаншалықты ақталады деп ойлайсыз?», - деп сұрағанымызда 34 жастағы респондент өзінің ешқашан балалы болуды қаламағанын, бірақ күтпеген жүктілік болған жағдайда баланы дүниеге әкелетінін айтты. Белсенді шешім қабылдағандар яғни, 20-36 жастағылар, ал пассивті шешім қабылдағандар 38-55 жас аралығында болды.

Белсенді шешім қабылдаған әйелдердің жас болуы және егде жастағы әйелдердің пассивті шешім қабылдауы жас әйелдердің ерте жаста өз шешімдерін қабылдауға және

айтуды ыңғайлы сезінуіне байланысты, ал жасы келген, егде тарқан респонденттер өздерінің баласыз өмірін негіздегенде «өмірімде болған жағдайлар осындай шешім қабылдауыма мәжбүр етті» деп түсіндіреді.

Әйелдердің ерікті баласыздықты таңдау себептері.

Әйелдер баладан еркін болуының себептерін түсіндіргенде, «заңды түрде тұрмыс құрмауымен», «балалы болып, ана атану жауапкершілік» деген әлеуметтік шектеулерді атады (Morell, 1994) [18]. Олардың шешім қабылдауының айырмашылығы – жасы, қызметі және қарым-қатынас мәртебесі яғни некеде болуы сияқты жеке сипаттамалары ана болуды неге таңдамағанын көрсетеді, сонымен қатар баласыз өмір салты «кез келген уақытта кез келген нәрсені істеу қабілеті» деп қабылданады.

Респонденттер баласыздықтың артықшылығын күнделікті өмір салтының еркіндігі және өзін-өзі жеке тұлға ретінде дамыту ретінде қарастырады. Респонденттердің айтуы бойынша, еркін өмір салты, табыстың артуымен кез келген уақытта барлық жерге «тұру және кету», саяхаттау және басқалармен уақыт өткізу мүмкіндігімен сипатталды, мұны 35 жастағы респондент былай деп түсіндірді: «*Менің ойымша, кез келген уақытта кез келген нәрсені жасауға болады. Отбасы бар, кішкентай баласы бар достарым кез келген уақытта қыдыруға, көңілді уақыт өткізу үшін саяхатқа шыға алмайды, көп уақыттары баламен өтеді, баланың оқуы, денсаулығы, басқа да шаруаларына байланысты өздеріне жеткілікті түрде уақыт бөле алмайды*». Яғни, респонденттердің жартысынан көбі баласыз еркін өмір демалуға, саяхаттауға өте көп мүмкіндік беретіндігін атап өтті. Олардың ойынша, «балалы өмір» материалдық шығындарды көбейтетінін, бала туу «өзінен басқа адамды – бірінші орынға шығару», «жауапкершілік, уақыт» сонымен қатар жұмыс пен отбасын қатар алып жүру мүмкін емес, екеуінің арасындағы тепе-теңдік бұзылады деп санайды.

Баласыздықты таңдаған әйелдер жақын адамдары, қоғам тарапынан күнделікті стигмаға ұшырайтынын жеткізді. Респонденттердің таныстары, достары «құр қара басын ойлаушы – өзімшіл» деп айтатындарын әңгімеледі: «*Мені бәрі өзімшіл, тек өзінің қара басын ойлайды деп санайды. Бірақ мен өзімшіл емеспін, мен тек өз қалауымды жасағым келеді*» [37 жастағы респондент].

Әлеуметтанулық зерттеуіміз көрсетіп отырғандай, респонденттердің ерікті баласыз болу шешімі негізінде, әлеуметтік бейімделу мәселесі де жатыр. Тұрақты әлеуметтік бейімделуге қол жеткізу үшін әртүрлі стратегиялар қолданылады: баладан бас тарту, баланы тууды кейінге қалдыру, өмірлік жағдайларды ретке келтіру, жеке ресурстарды бөлу, отбасы функцияларын қайта бағыттау, ата-аналық жауапкершілікті жеңілдету.

«Ерікті баласыздық» ұғымының мәнін, отбасылық қарым-қатынастар жағдайында ғана түсіну мүмкін, сондықтан «әдейі» баласыз неке сияқты құбылысты талдауға жүгіну қажет. Әйелдің балалы бола алмауы аборт, денсаулықтың бұзылуымен, инфертильдік, психологиялық жарақат және т.б. жағдайларға байланысты болғанымен, отбасы үшін – бұл «ауыр» қайғыны білдіретіні сөзсіз (Miettinen, 2015) [19]. Осы мәселеге қатысты, сұқбатқа қатысқан респонденттер баласыз болуға алып келген шешімдерінің негізінде денсаулығына байланысты мәселе екенін де жасырмады: «*бала кезімнен бастап, денсаулығым нашар болды. Өсе келе қалқанша безі ауруына шалдығып, гормондық*

теңсіздік бедеулікке әкеліп соқты. Сол себепті өзімді кейін чайлдфримін, өз еркіммен балалы болғым келмейді, – деп айтатын болдым. Балалы бола алмайтынымды жасырғым келді. [53 жастағы респондент] немесе «Тұрмыс құрып, күйеуіммен жеті жыл бірге тұрдым, балалы болмадық, денсаулығымға байланысты. Жылдар бойы емделдім, бірақ нәтижесі болмады, сол себепті соңында шаршап, өз қалауыммен баласызбын деп, баласыз боламын деп шешім қабылдадым. Күресуден шаршадым». [41 жастағы респондент].

Сұқбат барысында респонденттерден баласы жоқ отбасы мен балалы отбасын салыстыруын сұрағанымызда, респонденттеріміз толық отбасылармен салыстырғанда, баласы жоқ отбасылар өздерінің отбасылық даму жолында некенің мұндай ерекше үлгісіне табиғи түрде келгенін байқадық. Өйткені баласыз отбасында екі түрлі іс-әрекет бағыты бар: бірі отбасының ішіне бағытталса яғни, ортақ түсінік, жұптардың отбасылық өзара бір-бірін қолдауы, екіншісі отбасынан қоғамға бағытталған (ерлі-зайыптылар үшін кәсіптік еңбек пен әлеуметтік қызметтің маңыздылығы). Баласыз отбасы жүйесі ерлі-зайыптылардың салыстырмалы өзара қашықтығымен ал балалы отбасы біртұтас, кейде бір-біріне тәуелділік дәрежесіне дейін сипатталады. Баласыз отбасының құрылымдық ерекшелігі бейімделудің хаостық түрі (жетекшілік функциялары не ерлі-зайыптылар арасында бөлінеді, не олардың әрқайсысы кезектесіп, кейде бірлесе отырып алады). Баласы жоқ отбасыларда некелік қарым-қатынастарды құруға баса назар аударылады, ал толық отбасыларда ол негізінен балаға қатысты оқиғаларға толы. Баласы жоқ ерлі-зайыптылардың отбасын құру күрделірек деуге болады, мысалы 45 жастағы респондентіміз: *«Күйеуіммен 9 жылдай бірге тұрдық, 4 жыл көлемінде балалы болмау үшін, жүктілікке қарсы арнайы дәрілер қабылдадым. Уақыт өте келе, жолдасыммен бірге балалы болғымыз келген кезде, менің денсаулық жағдайларыма қатысты балалы бола алмайтыным анықталды, содан ажырастық. Одан кейін тұрмыс құрмадым, жалғыз өттім, содан өзімді «чайлдфримін» деп жарияладым».*

Сонымен қатар зерттеу барысында сұқбат берушілер арасында өздерін «чайлдфри» деп атауға дайын еместер бар екендігі анықталды, ал қоғамдастықтың өзі нақты қоғамдық қозғалыстар түріндегі шетелдік аналогтарға ұқсамады. *«Өзімді толыққанды «чайлдфри» деп атамас едім, иә балалы болуды қаламаймын. Бірақ ашық айтуға әлі толықтай дайын емеспін».* [39 жастағы респондент] Сұқбатта айтылған ақпарат – сұқбатқа қатысқан респонденттердің өздері үшін де, осы тақырыпты зерттеп жүрген зерттеуші ретінде бізге де күтпеген сұрақтар туғызды.

Зерттеу нәтижелері, қоғамдық көзқарас ерікті баласыздық («чайлдфри») феноменін және балалы болуды қаламауды қалыпты жағдайдан ауытқу, қазақстандық дәстүрлі отбасы үлгісіне және адам болмысы негіздеріне қайшы екендігін көрсетті. Ал, біз әлеуметтанушы ретінде аталған құбылысты заманауи әйелдің көпшілігінің отбасылық өмірінің классикалық кезеңдерін (білім алу-некеге тұру-бала туу) бастан өткергісі келмеуінен деп түсіндіреміз.

Мәжбүрлі баласыздық пен ерікті баласыздықты зерттеудегі маңызды аспект – құбылыстың қоғамдық санадағы «таңдау» немесе «жағдай» категорияларымен байланысты субъективтілігі түсінуді қиындатады. Баласыз отбасылар, олардың басым

көпшілігі әйелдер, қоғамдық айыптауды және «баласыз өмір сүру мүмкін емес» деген «күшті» қысымда болады.

Баланы дүниеге әкелумен байланысты күнделікті өмір стилінің өзгеруі, сондай-ақ отбасындағы жауапкершілік міндеттің артуы, баладан еркін, азат өмірді таңдауға ықпал ететін көрсеткіштердің бірі.

Ал, зерттеуге қатысқан 20-35 жастағы респонденттеріміздің айтуы бойынша, балалы болу, ана атану көп жағдайда, әйел өзін-өзі тұлға ретінде жоғалтумен, сонымен қатар толығымен өмірлік бағыт-бағдарды өзгертуге мәжбүрлейді деп санайды, себебі бұның негізінде ана болудың эмоциялық тәуекелі жатыр. Респонденттеріміздің басым бөлігі «балаға деген қажеттілікті» қоғам белгілейді және соның негізінде балалы болуға деген көзқарас қалыптасады деп есептейді: *«Бізде бала туатын, тумайтыныңды ел шешеді, тек сен шешпейсің. Балалы болғың келмейтіндігіңді немесе жағдайыңның жоқтығы басқа адамдарды алаңдатпайды, себебі сен әйел адам болғандықтан, міндетті түрде дүниеге бала әкеліп, «ана» атануың қажет»*. [33 жастағы респондент].

Сонымен қатар респонденттер ана болуға байланысты эмоциялық тәуелділік пен қоғамдық шектеулердің жоғары екенін айтты. Олар ана болуды әйелдерден «күтілетін қалау» немесе «биологиялық сағат» ретінде қарастырды. Әйелдер ана болуды жүзеге асыру үшін «аналық сезімінің жоқтығына» алаңдаушылық білдірді, бұған дәлел – *«егер мен ана болсам, әлемдегі ең нашар ана болар едім»* деген жауабы. Әйелдердің аналық инстинктінің жоқтығын сезінуі олардың баласыз болу себебін түсіндірді, соның бірі 25 жастағы респондент: *«Кейбір достарым ана болғысы келетінін, балаға қарағанды жақсы көретінін айтады. Менде ондай аналық эмоциялық сезім тәуелділігі бойымда жоқ»*.

Біздің зерттеу нәтижелеріміз респонденттер ана болу үшін балаға деген ерекше махаббат пен қорқыныш сезімі арасындағы «тепе-теңдік балансын» ұстаудың маңыздылығын көрсетті.

Респонденттердің жартысынан көбі өздерінің «жақсы ана бола алу» қабілетіне сенімсіздік білдірді. Респонденттердің бұл ойларынан қазақстандық қоғамдағы «жақсы» ана болу әлеуметтік қысымының бар екендігін дәлелдейді.

Дәстүрлі отбасындағы «балаға деген қажеттілік» мәні жеке тұлғаның даму жолындағы анықталатын жалпы балаға деген түрлі қатынас жүйесі десек болады, себебі балаға сүйіспеншілік көрсету, баланы құрметтеу отбасында ерлі-зайыптылардың өзара бірлесіп сыйластықта, қамқорлықта жүзеге асырылатын қарапайым норма болып саналады. Ал, баланың жоқтығы туралы ой-пікір жиі және жалпы дұрыс түрде атақты әлеуметтанушы Энтони Гидденс «ұмытылмас» деп атаған қазіргі әлемнің ерекшеліктерімен байланысты [20]. Бұл анық емес нормалар әлемі және ондағы адамның өзін-өзі анықтауының кең ауқымды құралдары, олардың ешқайсысы өзін-өзі анықтауда толық табысқа кепілдік бере алмайды. Бұл инверттелген әлеуметтік рөлдер әлемі (соның ішінде гендер), онда адамдар кейде бағдарсыз болады.

Жаһандану ықпалымен адамдар үнемі кәсіптерін ауыстырады, қайта даярлаудан өтеді, қоғамдық көзқарас пен бақылау жүйелерімен бірігеді. Қоғамның бір әлеуметтік тобынан екіншісіне өтеді, соның нәтижесінде жаһандық әлеуметтік жүйелер арқылы жеке байланыстар аясын шексіздендіреді. Қазіргі таңда әлем – жыныстық серіктестердің

түрлі өзгеруіне, жыныстық ориентацияның тіпті жынысты ауыстыруға да толеранттылық көрсетеді. Аталған құбылыстарды зерттеу негізінде сипаттап түсіну – «әлем азаматы», «трансмәдениет», «перспективтілік» және т.б. ұғымдарды туғызады. Көп мағыналылық, вариативтілік, белгісіздік және үстірттік қазіргі заманның – постмодернизм дәуірінің басты белгілеріне айналады, баладан азат өмір сүру де қазіргі таңдағы жаңа құбылыс. Аталған мәселені постмодернизм тұрғысынан С.Холлдың сәйкестік таңдау мәселесі теориясымен түсіндіретін болсақ, оның орталығында орындаушылық «Мен» мәселесі тұр.

С.Холлды бірегейлік емес, дискурсивтік көзқарас тұрғысынан құрылым ретінде қарастырылатын «сәйкестендіру» мәселесі алаңдатады. Демек, ол кездейсоқ әрі шартты түрде жүзеге асады. Оны қолдау үшін күнделікті өмір сүру стилі, яғни қаржылық және символдық капитал қажет. Өйткені, сәйкестік – адамның күнделікті өмірінің нақты кеңістігінде де, виртуалды мәнділікте де қозғалысының жемісі. Осылайша, сәйкестіктер біртұтас, тұрақты бола алмайды, өйткені олар қарама-қарсы дискурстардың, тәжірибелердің және ұстанымдардың қиылысында жатыр. Олар үнемі трансформация процесінде болады. С.Холл үшін сәйкестік онтологиясы ең алдымен оның потенциалдылығында, үздіксіз дамуында көрінеді.

Жоғарыда аталған мәселеге дәлел ретінде, респонденттердің барлығын дерлік алаңдатқан «мен өзім кімін?» деген сұраққа жауап емес, «мен кім болуды қалаймын?», «мен кім бола аламын?», «өзімді басқаға қалай көрсете аламын?», «қоғамға мен өзімді қалай таныстырамын?» деген ойлар маңызды екені анықталды. Бұл ойларды З.Бауманның пайымдауымен түсіндірсек, «ғасырдың аяғында адамдарды азаптайтын мәселе таңдалған болмысты қалай иемдену және оны басқаларды тануға мәжбүрлеуде емес, қандай болмысты таңдауда және оны қалай білуде, егер бұрын таңдалған тұлға құндылығын жоғалтса немесе оның еліктіргіш қасиеттерінен айырылса, уақытында басқа таңдау жасауға болады. Осы мәселенің шеңберінде, негізгі және ең алаңдататын мәселе – таптың немесе қабаттың қатаң шекарасында өз орнын қалай табуға және оны тапқаннан кейін, стигмаға ұшыраудан аулақ болу, себебі адамды оның осыншама қиыншылықпен енген шекарасы көп ұзамай жойылады деген күдік алаңдататыны сөзсіз. Еркін таңдау идентификацияны мінез-құлықтан немесе «күтілетін мінез-құлықтан» жеке орындалған әрекетке айналдырады (Vinson, 2014) [21, б. 426-432]. Әрине, сәйкестікті таңдау әрқашан тікелей және саналы емес, ол жанама, дұрыс ойластырылмаған және жасырын болуы мүмкін. Демек, баласыз болуды таңдау еркіндігінің көрінісі, адамның репродуктивті құқықтарын жүзеге асыру нұсқасы деуге болады.

Қорытынды және тұжырымдама

Қазақстандық қоғамда «ана болу – әйелдің басты міндеті» саналады. Зерттеуімізде дәстүрлі қоғамдағы әйелдердің ерікті баласыз болуды таңдауы – қаншалықты әлеуметтік стигмаға ұшырайтынының теориялық эмпириялық дәлелдерге сүйене отырып, олардың күнделікті өміріне ықпалын зерттедік. Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері әйелдердің шешім қабылдау практикасы күрделі жағдайлардың нәтижесі екені анықталды. Сонымен қатар әйелдердің еркін баласыз өмірді таңдауы –

жасы мен денсаулық, отбасылық, әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты болғандығын көрсетті.

Зерттеу нәтижелерімізде әйелдердің баласыз еркін өмір стилін қалай және не себепті таңдағаны талдана отырып, балалы болудан ерікті түрде азат болудың екі жолын көрсетеді: *белсенді және пассивті шешім қабылдағандар*.

Зерттеу арқылы алынған нәтижелер негізінде әйелдің жастық және отбасы-некелік мәртебесі яғни, заңды некеде болмауы әйелдердің баласыз өмірді таңдау туралы шешіміне қалай ықпал еткені көрсетілді.

Белсенді түрде шешім қабылдаушылар негізінен 20-36 жас аралығындағы әйелдер. Мұндай әйелдер тобы өздерінің баласыз өмір стилін бағалай отырып, балалы болуды өміріндегі «ең ауыр құрбандық» ретінде санайды. Бұл топтағы әйелдер қоғамның «жақсы» ана болу үмітіне сәйкес келмесе, аналық өмірді қорқыныш ретінде санайтындар.

Ерікті баласыздықтың әйелдердің өмір салты мен өмірлік стиліне қалай ықпал еткен себептерін анықтадық: 40 жастан асқан әйелдердің өмірлік жағдайларға байланысты баласыз болуы – олардың алдыңғы сәтсіз отбасылық тәжірибелеріне негізделгені анықталды.

Бұдан байқағанымыз, респонденттеріміздің ана болуға деген көзқарасы уақыт өте келе өзгереді, сондықтан 20 мен 36 жастағы әйелдерге баласыз болу туралы шешім қабылдау жеңіл болған.

Зерттеуші ретінде бізді таңғалдырған мәселе, 30-36 жастағы респонденттерде ерікті баласыздыққа, өмір бақи баласыз өтуге қатысты екіұшты ойлары байқалды, себебі жас шағында қабылданған баласыз өмір сүремін деген шешім әйелдің бала туу жасындағы жасына байланысты қабылданған шешімнен өзгеше болып өзгеруі әбден мүмкін (DeLyser, 2011) [22, б. 66–74]. Осы бағытты ұстанған әйелдер баладан азат болу ниетіне дәл қазіргі сәтте берік болғанымен, бірақ олар әлі репродуктивті жаста болғандықтан, алдағы уақытта олардың ойлары мен жағдайлары өзгеруі мүмкін екенін мойындады.

Сонымен қатар зерттеуге қатысқан әйелдердің көбі заңды некеде болмауына байланысты, баласыз болуды таңдауға әкелген әлеуметтік шектеулерге баса назар аударып, пассивті жолды таңдағандар, сондай-ақ белсенді шешім қабылдағандар да ана болмау туралы шешімінде өмірлік қиын жағдайлар шешуші рөл атқарғанын мойындады. Әйелдер баласыз болудың себептерін талқылаған кезде өздерінің бостандығы мен автономиясының артықшылықтарына көп көңіл бөлді. Зерттеу нәтижелерінің қорытындылары, баласыз әйелдердің ана болуды «өзін-өзі тануға, жеке басының еркіндігіне және отбасылық бақытқа кедергі» деп түсіндіруінің себебін көрсетті.

Респонденттердің жартысынан көбі саяхаттауға, үздіксіз тұлғалық даму үшін, «*еркін тұрып және еркін жүру*» өмірлік салтын ұстанушылар. Респонденттеріміз өздерінің уақытын білім алуға, мансаптық жолда өсуге, тұлғаның жеке бас еркіндігін сақтағысы келетіндеріне баса назар аударды (Park, 2005) [23, б. 372-402]. Әйелдер баласыз өмірдің артықшылықтарын – әлеуметтік белгіленген артықшылықтармен салыстырған кезде, олар ана болмауды жөн көрді (Martinez, 2010) [24, б. 51].

Зерттеу нәтижелеріміз респонденттердің ана болуды үлкен жауапкершілік санайтынын, отбасында әйел балалы болған жағдайда, мансаптық даму жолында өз мақсаттары мен ұмтылыстарынан бас тартады деген пікірді ұстанды.

Сонымен қатар әйелдер үшін әлеуметтік мәселенің бірі – жұмыспен отбасы арасындағы теңсіздіктің яғни, шиеленістің орын алуы (Park, 2002) [25, б. 21–45] туралы ойларды дәлелдеді, себебі бала босанғасын декреттік демалыста жоғары жалақы төленетін еңбек нарығындағы орнын сақтай алмау қаупінің жоғары екенін немесе жалақының аз мөлшерде төленуі сияқты шектеулер мен қысымның болуы мүмкіндігін айтты. Балалы болып, ана атануға байланысты эмоциялық тәуекелдер қоғам тарапынан әйелдерге деген әлеуметтік шектеудің бар екенін растады.

Әрине, респонденттер өздерінің ерікті баласыздықты таңдауын ішінара өзімшілдік сезімінен туындағанын жасырмады. Зерттеу нәтижелері, баладан еркін болу – әйелдердің таңдаудан гөрі, шектеулерін көрсетіп отыр.

Алайда, отандық әлеуметтану зерттеулері – болашақта әйелдердің баласыз болуды таптық, ұлттық, діни ерекшеліктері сияқты критерийлерге негізделген зерттеулерді қажет етеді.

Тағы айта кететін жәйт, отандық әлеуметтануда баласы жоқ ерлерге арналған зерттеулер өте тапшы, себебі көп жағдайда біз, басты назарды әйелдерге аударамыз. Ал, ерлердің отбасындағы баласыздыққа қатысты шешімінде кездесетін диадикалық тәжірибелерін елемейміз, дегенмен уақыт өте келе әйелдердің шешім қабылдау практикасын тереңірек зерттеу – жас пен өмірлік жағдайдың әйелдің шешім қабылдау процестеріне қалай ықпал ететіндігі туралы қызықты заңдылықтарды ашуы мүмкін.

Зерттеу тұжырымдарымызға сүйене отырып, ерікті баласыз болу феномені – ірі мегаполистердегі жаңа тенденциялардың бірі екендігін айқындадық, дегенмен қазақстандық қоғамдағы ерікті баласыздық («чайлдфри») құбылысы батыстағы классикалық үлгідегі түсініктен өте алшақ. Қазақстандық «чайлдфри» пен батыстық «чайлдфри» арасындағы айырмашылық мәдени, әлеуметтік, философиялық аспектілердің тереңдігінде жатыр, себебі батыста бұл қозғалыс барған сайын қоғам тарапынан қабылданып, қолдау тапса, ал қазақстандық қоғамда ол үлкен сенімсіздіктерге және дәстүрлі талаптар мен әлеуметтік қысымға ие.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қоғамдық күтулер батыс елдерінде әйелдің тұрмыс құруы, мансаптық өсу жолына тұлғаның жеке таңдау еркіндігі деп қарайды, сол себепті еркін баласыздық мәселесі, баладан азат өмір оң көзқараста қабылданады.

Әлеуметтік өзекті мәселенің бірі – «кеш ана болу» немесе «кешіктірілген ана болу» құбылысының қоғамда белең алуы.

«Кеш ана болу» жаңа құбылыс ретінде балалы болу ниетінде туындайтыны және сол қолайлы уақытты «күткендер» арасындағы симбиоздың бір түрі бола отырып, ерікті баласыз нысандарының бірі ретінде әрекет етуі мүмкін.

Ал, қазақстандық қоғамда «еркін баласыздықты» ұстану қоғам тарапынан әйелдерді кінәлау мен қоғамдық қысыммен бетпе-бет келіп отыр.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің барлығы бірдей Қазақстан мәдениеті мен қоғамында ерікті баласыздықты («чайлдфри») адам табиғатына қарсы келетін аномия яғни, нормадан ауытқу сонымен қатар болашақта отбасы-неке қатынастарын бұзады деген қоғамдық пікірмен толықтай келісті.

«Ерікті баласыздық» («чайлдфри»), «баладан азат», «баладан еркін» көзқарас жүйесінің әлеуметтік мәні мен ұғымы нақтыланды. Зерттеуге қатысқан респонденттер тарапынан аталған ұғымдар: «баласыз өмірдің рахатын көру», «баласыз өзін-өзі тұлғалық дамыту», «баласыз еркін өмір сүру, «еркін саяхаттау» түсініктерімен байланысты болды.

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сәйкес, жастық көрсеткіші 20 мен 32 жас аралығындағы респонденттер сұқбат барысында «балалы болу үшін» өз қаржылық ресурстарын, денсаулығы мен уақытын босқа шығындағылары келмейді, себебі олар үшін отбасы деңгейінде жеке тұрғын үй, материалдық жағдайға қанағаттану идеясы, жауапкершілікті бөлу сипаты, ерімен рөлдік позицияларының үйлесімділігі, демалыс ерекшеліктерімен неке беріктігі маңызды. Баласыз әйелдердің идеологиясы мынадай дәлелге негізделгені анықталды: «бала – қоғамдық белсенділікке кедергі жасайды». Мәселені талдай отырып, шетелдік бірқатар ғалымдар «ерікті» баласыз деп аталатын дағдарыс қоғамымыздың қорғалмаған аймақтары – балалық, аналық, ата-аналық шақтарды ең көп зардап шеккен деформацияның кері жағы екенін көрсетеді. Ал, Қазақстан контексіндегі «ерікті баласыз» құбылысын түсіну мәжбүрлі баласыздыққа негізделген өмірлік сценарийді өзгертуге болады деп болжауға негіз береді, ал жеке даму процесіне негізделген ерікті баласыз болу – болашақта әлем бейнесін қайта қарастыру, дәстүрлі отбасын қайта құру параметрімен ауыстырылатыны сөзсіз.

Авторлардың қосқан үлесі:

Ф.М. Аширбаева – зерттеу жұмысының теориялық және эмпириялық концепциясын құру; зерттеу негізінде алынған нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау, сонымен қатар зерттеу мазмұнын сыни тұрғыдан қайта зерделеу.

Б.Ж. Смағамбет – мақаланың теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасын, эмпириялық зерттеудің концепциясын және алынған мәліметтерді интерпретациялаудың бағыттарын айқындау, мақаланың ғылыми редакциясы.

Әдебиеттер тізімі

1. В Казахстане есть чайлдфри, но это не влияет на демографическую ситуацию. [Электронный ресурс] – URL: <https://ranking.kz/reviews/socium/v-kazahstane-est-chayldfri-no-eto-ne-vliyaet-na-demograficheskuyu-situatsiyu.html> (дата обращения: 15.03. 2024)
2. Veevers J. E, Jean E. Childless by choice. – Canada: Toronto: Butterworths. – 1980. – 10 p.
3. Leroux Marie-Louise., Pestieau Pierre., Ponthiere Gregory."Childlessness, childfreeness and compensation" . // Social Choice and Welfare. – 2022. – Vol. 59. – P. 1–35. DOI:10.1007/s00355-021-01379-y
4. Blackstone A. Childless...or childfree? . // Contexts. – 2014. Vol. 3. – P. 68–70. doi.org/10.1177/1536504214558221
5. Avellar S., Smock P. J. Has the price of motherhood declined over time? A Cross-Cohort Comparison of the Motherhood Wage Penalty. // Journal of Marriage and the Family. – 2003. - Vol. 65(3). – P. 597-607. DOI:10.1111/j.1741-3737.2003.00597.x

6. Женщины в Казахстане образованнее мужчин - бюро нацстатистики [Электронный ресурс] // <https://ru.sputnik.kz/20210305/Zhenschiny-v-Kazakhstane-obrazovannee-muzhchin---byuro-natsstatistiki--> (дата обращения: 01.02.2022).
7. Braelin S., Krista B. "It's the Choices You Make That Get You There": Decision-Making Pathways of Childfree Women. // Michigan Family Review. – 2014. – Vol. - 18(1). – P. 1-22. DOI:10.3998/mfr.4919087.0018.102
8. Stewart M., Blackstone A. Choosing to be childfree: Research on the decision not to parent // Sociology Compass. – 2012. – Vol. 6/9. – P. 718-727. DOI:10.1111/j.1751-9020.2012.00496.x
9. Қазақстанда 300 мың сүрбойдақ пен тұрмысқа шықпаған 700 мың қыз бар [Электрондық ресурс] – URL: https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-300-myin-surboydak-pen-turmyyska-shyikpagan-700-267405/ (жүгінген күні: 13.01.2016)
10. Arendell T. Conceiving and investigating motherhood: The decade's scholarship. // Journal of Marriage and the Family. – 2000. – Vol. 62. – P. 1192–1207. DOI:10.1111/j.1741-3737.2000.01192.x
11. McQuillan J., Greil A., Shreffler K., Tichenor V. The importance of motherhood among women in the contemporary United States. // Gender & Society. – 2008. – Vol. 22. – P. 477-496. DOI:10.1177/0891243208319359
12. Nakano Glenn E., Chang G., Forcey L. R. Mothering: Ideology, experience, and agency. – New York, NY: Routledge. – 1994. – 20 p.
13. Callan VJ. Childlessness and partner selection. J. Journal of Marriage and the Family. – 1983. – Vol 45. – P. 181. DOI:10.1504/IJMOM.2018.10016852
14. Rosemary G. Childfree And Feminine: Understanding the Gender Identity of Voluntarily Childless Women. // Gender and Society. – 2003. - Vol. 17 (1). – P. 122-136. DOI 10.1177/0891243202238982
15. Morell C. Saying no: Women's experiences with reproductive refusal. // Feminism and Psychology. – 2000. – Vol. 10. – P. 313-322. DOI:10.1177/0959353500010003002
16. Abma C., Martinez, G. Childlessness among older women in the United States: Trends and profiles. // Journal of Marriage and the Family. – 2016. – Vol. 68. – P. 1045-1056. DOI:10.1111/j.1741-3737.2006.00312.x
17. Mezey N. New choices, new families: How lesbians decide about motherhood. Baltimore, MD: The Johns Hopkins University Press. // Journal of Marriage and Family. – 2008. – Vol. 71(5). – P. 1350 – 1352. - Mode of access: https://www.researchgate.net/publication/286601239_New_choices_new_families_How_Lesbians_decide_about_motherhood
18. Morell C. M. Unwomanly conduct: The challenges of voluntary childlessness. – New York, NY: Routledge. – 1994. – 10 p.
19. Miettinen A., Rotkirch A., Szalma I., Donno, A. and Tanturri, M. L. Increasing childlessness in Europe: Time trends and country differences. // Stockholm: Stockholm University FamiliesAndSocieties Working Paper. – 2015. – Vol. 33. DOI: <https://doi.org/10.18203/2394-6040.ijcmph20230921>
20. Гидденс Э. Ускользящий мир : как глобализация меняет нашу жизнь. – М.: Весь Мир. - 2004. – 120 с.
21. Vinson C., Mollen D., Smith N. Perceptions of childfree women: The role of perceivers and targets' ethnicity. // Journal of Community and Applied Social Psychology. – 2010. – Vol. 20. – P. 426-432. DOI:10.1002/casp.1049

22. DeLyser G. At midlife, intentionally childfree women and their experiences of regret. // *Clinical Social Work Journal*. – 2011. – Vol. 40. – P. 66–74. DOI:10.1007/s10615-011-0337-2

23. Park K. Choosing childlessness: Weber's typology of action and motives of the voluntarily childless. // *Sociological Inquiry*. – 2005. – Vol. 75 (3). – P. 372-402. DOI:10.1111/j.1475-682X.2005.00127.x

25. Martinez G., Daniels K., Chandra A. Fertility of men and women aged 15-44 years in the United States: National Survey of Family Growth 2006-2010. // Department of Health and Human Services. – 2012. – Vol. 22. – P. 51. - Mode of access: https://www.researchgate.net/publication/229162935_Fertility_of_men_and_women_aged_15-44_years

25. Park K. Stigma management among the voluntarily childless. // *Sociological Perspectives*. -2002. – Vol. 45(1). – P. 21–45. DOI:10.1525/sop.2002.45.1.21

Ф.М. Аширбаева, Б.Ж. Смагамбет

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Женская практика принятия решений: от вынужденной бездетности к добровольной бездетности

Аннотация. В статье рассматривается феномен выбора женщинами добровольной бездетности в контексте казахстанского общества. В статье, основываясь на эмпирических и теоретических доказательствах, исследовано, насколько подвержен социальной стигме выбор добровольной бездетности в казахстанском обществе, где «материнство» считается обязательным, и как это влияет на повседневную жизнь женщин.

Исследование основано на целевой квотной выборке, включающей 15 женщин из Казахстана в возрасте от 20 до 55 лет, которые считают себя добровольно бездетными. Для формирования выборки был использован метод «снежного кома».

Практическая значимость результатов исследования заключается в дифференциации факторов, способствующих бездетности женщин, рассмотрении преимуществ добровольной бездетности, издержки материнства и причин выбора бездетности. При этом в ходе исследования установлена вариативность решения женщин быть бездетными в зависимости от их возраста, семейного положения, состояния здоровья, уровня образования и профессиональной деятельности. Глубокое понимание феномена добровольной бездетности («чайлдфри») в казахстанском обществе дает основание предполагать, что возможно изменение жизненных сценариев, основанных на бездетности, и в процессе развития как личности бездетность заменяется параметром формирования традиционной семьи и переосмысление образа мира.

Ключевые слова: вынужденная бездетность («чайлдфри»), добровольная бездетность, активно принимающие решение, пассивно принимающие решения, принудительное материнство, отсроченное материнство.

F.M. Ashirbayeva, Smagambet B.Zh.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Women's decision-making practices: from forced childlessness to voluntary childlessness

Abstract. The article examines the phenomenon of women choosing voluntary childlessness in the context of Kazakh society. The article employs both empirical and theoretical evidence, the article examines how vulnerable the choice of voluntary childlessness is to social stigma in Kazakh society, where "motherhood" is considered mandatory, and how this affects women's daily lives.

The study is based on a targeted quota sample of 15 women from Kazakhstan aged 20 to 55 who consider themselves voluntarily childless. The "snowbal" method was used to form the sample.

The practical significance of the research results is based on women's decisions regarding the factors contributing to childlessness: the advantages of voluntary childlessness, the reasons for choosing childlessness were considered. At the same time, the study showed the variability of women's decisions to be childless depending on their age, marital status, health, level of education, and professional activity. A deep understanding of the phenomenon of voluntary childlessness ("childfree") in Kazakhstani society gives grounds to assume that it is possible to change life scenarios based on childlessness, and in the process of development as a person, childlessness is replaced by the parameter of forming a traditional family and rethinking the image of the world.

Keywords: forced childlessness ("childfree"), voluntary childlessness, active decision-makers, passive decision-makers, compulsory motherhood, delayed motherhood

References

1. V Kazakhstane yest' chayldfri, no eto ne vliyayet na demograficheskuyu situatsiyu [Elektronnyy resurs] [There are childfree people in Kazakhstan, but this does not affect the demographic situation]. [Electronic resource]. <https://ranking.kz/reviews/socium/v-kazahstane-est-chayldfri-no-eto-ne-vliyaet-na-demograficheskuyu-situatsiyu.html> (date accessed: 15.03. 2024) [In Russian]
2. Veivers J. E, Jean E. (1980). Childless by choice. Canada, Toronto: Butterworths.
3. Leroux Marie., Pestieau P., Ponthiere G. Childlessness, childfreeness and compensation, *Social Choice and Welfare*, 59, 1–35 (2022).
4. Blackstone A. Childless or childfree? *Journal of Contexts*, 3, 68–70 (2014).
5. Avellar S., Smock P. J. Has the price of motherhood declined over time? A Cross-Cohort Comparison of the Motherhood Wage Penalty, *Journal of Marriage and the Family*, 65(3), 597-607 (2003).
6. Zhenshchiny v Kazakhstane obrazovanneye muzhchin - byuro natsstatistiki [Elektronnyy resurs] [Women in Kazakhstan are more educated than men - national statistics bureau]. [Electronic resource]. <https://ru.sputnik.kz/20210305/Zhenshchiny-v-Kazakhstane-obrazovannee-muzhchin-byuro-natsstatistiki--> (date accessed: 01.02.2022) [In Russian]
7. Braelin S., Krista B. "It's the Choices You Make That Get You There": Decision-Making Pathways of Childfree Women, *Michigan Family Review*, 18(1), 1-22 (2014).
8. Stewart M., Blackstone A. Choosing to be childfree: Research on the decision not to parent, *Sociology Compass*, 6/9, 718-727 (2012).

9. Kazakhstanda 300 miñ sürboydak pen turmıska ııqpağan 700 miñ kız bar [Elektronnyy resurs] [There are 300 thousand bachelors and 700 thousand unmarried girls in Kazakhstan]. [Electronic resource]. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-300-myin-surboydak-pen-turmyska-shyikpagan-700-267405/ (date accessed: 13.01.2016) [In Kazakh]
10. Arendell T. Conceiving and investigating motherhood: The decade's scholarship, *Journal of Marriage and the Family*, 62.1192–1207 (2005).
11. McQuillan J., Greil A., Shreffler K., Tichenor V. The importance of motherhood among women in the contemporary United States, *Gender & Society*, 22, 477-496 (2008).
12. Nakano Glenn E., Chang G., Forcey L. R. (1994) *Mothering: Ideology, experience, and agency*. New York, NY: Routledge.
13. Callan V.J. Childlessness and partner selection. J, *Journal of Marriage and the Family*, 45, 181 (1983).
14. Rosemary G. Childfree And Feminine: Understanding the Gender Identity of Voluntarily Childless Women, *Gender and Society*, 17 (1), 122-136 (2003).
15. Morell C. Saying no: Women's experiences with reproductive refusal, *Feminism and Psychology*, 10, 313-322 (2000).
16. Abma C., Martinez, G. Childlessness among older women in the United States: Trends and profiles, *Journal of Marriage and the Family*, 68, 1045-1056 (2016).
17. Mezey N. New choices, new families: How lesbians decide about motherhood Baltimore, MD: The Johns Hopkins University Press, *Journal of Marriage and Family*, 71(5), 1350 – 1352 (2008).
18. Morell C. M. (1994). *Unwomanly conduct: The challenges of voluntary childlessness*. New York, NY:Routledge.
19. Miettinen A., Rotkirch A., Szalma I., Donno, A. and Tanturri, M. L. Increasing childlessness in Europe: Time trends and country differences, Stockholm: Stockholm University FamiliesAndSocieties Working Paper, 33, (2015).
20. Giddens E. Uskol'zayushchiy mir : kak globalizatsiya menyayet nashu zhizn' [The Slipping World: How Globalization Changes Our Life]. (Ves Mir., M, 2004, 120 p.). [In Russian]
21. Vinson C., Mollen D., Smith N. Perceptions of childfree women: The role of perceivers and targets' ethnicity, *Journal of Community and Applied Social Psychology*, 20, 426-432 (2010).
22. DeLyser G. At midlife, intentionally childfree women and their experiences of regret, *Clinical Social Work Journal*, 40, 66–74, (2011).
23. Park K. Choosing childlessness: Weber's typology of action and motives of the voluntarily childless, *Sociological Inquiry*, 75 (3), 372-402 (2005).
24. Martinez G., Daniels K., Chandra A. Fertility of men and women aged 15-44 years in the United States: National Survey of Family Growth 2006-2010, Department of Health and Human Services, 22, 51 (2012).
25. Park K. Stigma management among the voluntarily childless, *Sociological Perspectives*, 45(1), 21-45 (2002).

Авторлар туралы мағлұмат:

Ф.М. Аширбаева – әлеуметтік ғылымдар магистрі, әлеуметтану мамандығының PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аккредитация және рейтинг бөлімінің сарапшысы, Янушкевич көшесі 6, Астана қ., Қазақстан.

Б.Ж. Смағамбет – хат-хабар авторы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Ф.М. Аширбаева – магистр социальных наук, докторант PhD специальности «Социология», Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, ул. Янушкевича, 6, г. Астана, Казахстан.

Б.Ж. Смағамбет – автор для корреспонденции, кандидат социологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича, 6, г. Астана, Казахстан.

Information about authors:

F. Ashirbayeva – Master of Social Sciences, PhD candidate in Sociology, expert of the Department of Accreditation and Rating of L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Astana, Kazakhstan.

B. Smagambet – Candidate of Sociological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Astana, Kazakhstan.